

Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 25/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 2 мамырда № 5311 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Осакаров ауданы аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Руслан Есенбекұлы Нұрмұханбетовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Кобжанов

Осакаров ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "___" _____
№ _____ қаулысына
Қосымша

2019 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Осакаров ауданы аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№ р/с	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері	Оңтайлы мерзімдері	
		басталуы	аяқталуы
1	Жаздық бидай	15 мамыр	28 мамыр
2	Арпа	25 мамыр	28 мамыр
3	Сұлы	25 мамыр	28 мамыр
4	Бұршақ	10 мамыр	12 мамыр
5	Жасымық	20 мамыр	25 мамыр
6	Зығыр	15 мамыр	20 мамыр
7	Күнбағыс	10 мамыр	15 мамыр
8	Картоп	10 мамыр	25 мамыр

9	Еркекшөп	10 мамыр	20 қазан
10	Жоңышқа	10 мамыр	20 қазан
11	Эспарцет	10 мамыр	20 қазан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК